

Zhubanov University үздіктері



Оқу жылын қорытындылаған «Жұбанов үздігі — 2024» кеші өтті. Қорытынды кеште университеттің оң имиджін қалыптастыруда және жастар саясатының дамуына үлес қосып жүрген белсенді студенттер түрлі номинациялар бойынша облыстық және университеттік деңгейде марапатталды.

Олардың қатарында оқуда алда, қоғамдық жұмыстарда белсенді, спорттық және мәдени шаралардың, олимпиадалар мен ғылыми жобалардың жеңімпаздары және волонтерлер бар.

Басқарма төрағасы-Ректор Лаура Қарабасова университеттің үш жылда жеткен үлкен жетістіктеріне тоқталып, бұл нәтижелерге қол жеткізуде белсенді жастардың үлесі айрықша екенін атап өтті.

— Үш жыл бойы кезең-кезеңімен атқарылған нәтижелі жұмыстардың арқасында оқу ордамыз жарқын жетістіктерге қол жеткізді. Бұл ретте әрқайсыңыздың еңбегіңіз ерекше, — деді оқу орнының басшысы. Салтанатты жиында өңірде орын алған су тасқыны кезінде құтқару жұмыстарына ерікті түрде қатысқан студенттерге құрмет көрсетіліп, университет тарапынан 2024-2025 оқу жылына 13 студенттің оқу ақысына 1 300 000 теңге көлемінде жеңілдік берілді.

7 студентке «Үздік студент» төсбелгісі табысталды.

Zhubanov University
Баспасөз қызметі

Осы санда

АЛЕКСАНДР
ПЕРЕВЕЗЕНЦЕВ:

Я СЧАСТЛИВ, ПОТОМУ ЧТО
ЗАНИМАЮСЬ ЛЮБИМОЙ
РАБОТОЙ



НАЧАЛО ПУТИ
К МЕЧТЕ



КУМІС УНИВЕРСИТЕТ,
ЕКІНШІ МАМАҢДЫҚ

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФОРУМ

2024 жылдың 20 мамыры күні ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен Zhubanov University алаңында өскелең ұрпақты үйлесімді дамыту мәселелеріне арналған «Салауатты ұрпақ — ұлт байлығы» II Халықаралық форумы өтті.

«Шексіз әлем» тақырыбына арналған іс-шара тәуелділіксіз өмір сүру, инклюзияны қабылдау шекараларын кеңейтуде таңдау еркін көрсетуге бағытталды.

Форумға спикерлер ретінде ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Шолпан Каринова, халықаралық психоаналитикалық қауымдастығының мүшесі, Ph.D., тренинг аналитик, оқытушы-супервизор, психоаналитик Мануэль Мартинез, құқық қорғаушы, психолог, Еуропалық CARE бағдарламасының тренері Гүлжан Амангельдинова, инклюзивті білім беру саласындағы жетекші маман және оқытушы Камила Роллан, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі, Бочка федерациясының вице-президенті Назым Жангазиева және танымал нейропсихологтар қатысты.

— «Инклюзия» қоғамда кеңінен қолданыла бастаған, тіпті белгілі бір дәрежеде сөнге айналған сөз. Бірақ көп адамдар оны мүмкіндігі шектеулі адамдарға қатысты ғана қабылдайды. Инклюзивті көзқарас әрбір адамды оның жеке ерекшеліктеріне қарамастан қабылдауды және құрметтеуді білдіреді.

Біздің сарапшы Камила Роллан Кембридж университетінде инклюзивті білім беру саласында докторлық дәрежесін алды және осал топтағы балалармен көп араласты, сондықтан ол өзінің жұмыс құралдарымен бөлісуге дайын. Сарапшы қазақстандық жоғары оқу орындары инклюзивті енгізу үшін не істеу керек екенін, ерекше қажеттіліктері бар студент оқу барысында кедергілер мен ыңғайсыздықтарды сезінбестен, басқалармен тең негізде жоғары сапалы білім алып, өз әлеуетін аша алуы үшін қандай ақылға қонымды бейімделу қажет екенін айтты.

Өткен жылы ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ЖОО-да инклюзивті білім беруді дамытудың 2025 жылға дейінгі Жол картасын қабылдағаны белгілі. Әрине, университеттерде инклюзивті орта құру профессорлық-оқытушылар құрамының, қызметкерлердің және студенттердің өздерінің жүйесін де, санасын да өзгертуді талап етеді. Тіпті, Камила Роллан ұсынған жоғарыдағы сауалнамалар форумға қатысушылар арасында үлкен пікірталас тудырды. Кейбіреулер барлық жағдайда жеке қажеттілікте-

рі бар студенттерді қолдау керек деп келіседі, бірақ кейбіреулер бұл жалпы оқу процесіне кері әсер етуі мүмкін деп санайды. Ал мұндай нәзік жағдайларда бұл тепе-теңдікті сақтау қаншалықты маңызды!

Мен біздің университеттің ерекше балалардың ата-аналарына, білім беру жетекшілеріне, ҰЕҰ өкілдеріне, университет қызметкерлеріне, психологтар мен мектептердің әлеуметтік педагогтарына арналған алаң бергеніне қуаныштымын. Кездесу инклюзивті білім беру жолында жұмыс істейтін және осы тақырыпты жүрегімен сүзінген әрбір адам үшін қайнау нәтижесі болды деп айта аламыз. Ең бастысы барлық қатысушылар көңілдегі ойларын айту үшін және бірін-бірі тыңдау үшін жиналды, — деді Zhubanov University ректоры, ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшесі Лаура Қарабасова.

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ФОРУМ

20 мая 2024 года при поддержке Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК на площадке Zhubanov University состоялся II Международный форум «Здоровое поколение-богатство нации», посвященный вопросам гармоничного развития подрастающего поколения.

II Международный форум, посвященный теме «Безграничный мир», был направлен на проявление свободы выбора, расширение жизненных границ и принятие инклюзивности.

Спикерами форума выступили член Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК Шолпан Каринова, член Международной психоаналитической ассоциации, PhD, тренинг аналитик, преподаватель-супервизор, психоаналитик Мануэль Мартинез, правозащитник, психолог, тренер Европейской программы CARE Гулжан Амангельдинова, ведущий специалист в области инклюзивного образования и преподаватель Камила Роллан, член Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК, вице-президент федерации Бочка Назым Жангазиева и известные нейропсихологи.

— «Инклюзия» — это слово, которое стало широко употребляться в обществе, и оно даже стало в какой-то степени модным. Но зачастую многие воспринимают только в отношении людей с ограниченными возможностями. Инклюзивный подход подразумевает принятие и уважение каждого человека независимо от его индивидуальных особенностей.

Наш эксперт Камила Роллан получила докторскую степень в Кембриджском университете по на-

☑ Басты жаңалықтар

☑ Главные новости

☑ Main news

правлению инклюзивного образования, много взаимодействовала с уязвимыми детьми, поэтому готова делиться своими рабочими инструментами. Эксперт рассказала, что должны сделать казахстанские вузы для внедрения инклюзии, какими должны быть разумные адаптации для студента с особыми потребностями, чтобы он не чувствовал препятствия и дискомфорт во время учёбы, а мог получать качественные знания и раскрывать свой потенциал наравне со всеми.

Как известно, в прошлом году Министерство науки и высшего образования РК приняло Дорожную карту по развитию инклюзивного образования в вузах до 2025 года. Конечно, создание инклюзивной среды в университетах требует изменения как системы, так и мышления самих преподавателей, сотрудников и студентов. Даже вышеуказанные опросники, которые представила Камила Роллан, вызвали большое обсуждение у участников форума. Кто-то соглашается, что нужно во всём идти навстречу студентам с индивидуальными потребностями, некоторые же считают, что это может повлиять в негативную сторону на общий учебный процесс. И как важно удержать этот баланс в таких щепетильных ситуациях!

Я рада, что наш университет предоставил площадку для родителей особенных детей, руководителей из сферы образования, представителей НПО, сотрудников вузов, психологов и социальных педагогов школ. Можно сказать, что встреча стала точкой кипения для всех, кто работает в направлении инклюзивного образования и кем в буквальном смысле прочувствовала эта тема. Наконец-то все участники собрались вместе, чтобы высказаться и услышать друг друга, — сказала ректор Zhubanov University, член Национальной комиссии по делам женщин и семейно-демографической политике при Президенте РК Лаура Карабасова.

INTERNATIONAL FORUM

On May 20, 2024, with the support of the National Commission for Women's Affairs and Family and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan, the II International Forum "Healthy Generation-the wealth of the Nation" was held at Zhubanov University, dedicated to the harmonious development of the younger generation.

The II International Forum, dedicated to the theme "Boundless World", was aimed at demonstrating freedom of choice, expanding life boundaries and embracing inclusivity.

The speakers of the forum were member of the National Commission for Women and Family and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan Sholpan Karinova, member of the International

al Psychoanalytic Association, PhD, training analyst, supervisor teacher, psychoanalyst Manuel Martinez, human rights activist, psychologist, coach of the European CARE Program Gulzhan Amangeldinova, leading specialist in the field of inclusive education and teacher Camilla Rolland, Member of the National Commission on Women's Affairs and Family and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan, Vice-president of the Boccia Federation Nazim Zhangazinova and well-known neuropsychologists.

— «Inclusion» is a word that has become widely used in society, and it has even become fashionable to some extent. But often many people perceive it only in relation to people with disabilities. An inclusive approach implies acceptance and respect for each person, regardless of their individual characteristics.

Our expert Camilla Rolland received her doctorate from the University of Cambridge in the field of inclusive education, interacted a lot with vulnerable children, so she is ready to share her working tools. The expert told what Kazakh universities should do to introduce inclusion, what reasonable adaptations should be for students with special needs so that they do not feel obstacles and discomfort during their studies, but can receive high-quality knowledge and unleash their potential on an equal basis with everyone.

As you know, last year the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan adopted a Roadmap for the development of inclusive education in universities until 2025. Of course, creating an inclusive environment at universities requires a change in both the system and the thinking of the teachers, staff and students themselves. Even the above-mentioned questionnaires, which were presented by Camilla Rolland, caused a lot of discussion among the forum participants. Some agree that it is necessary to meet students with individual needs in everything, while some believe that this can have a negative impact on the overall educational process. And how important it is to keep this balance in such sensitive situations!

I am glad that our university has provided a platform for parents of special children, educational leaders, NGO representatives, university staff, psychologists and school social educators. We can say that the meeting became a boiling point for everyone who works in the direction of inclusive education and who literally felt this topic. Finally, all the participants came together to speak out and hear each other," said Laura Karabasova, Rector of Zhubanov University, member of the National Commission on Women's Affairs and Family and Demographic Policy under the President of the Republic of Kazakhstan.

155 МЕТР КӨРПЕ

Ақтөбеде қаланың құрылғанына 155 жыл толуына орай этнофестиваль өткізілді. Онда ақтөбелік көлөнер шеберлері 155 метр көрпе тігіп, ерекше сый жасады. Әр көрпенің ұзындығы 2 метр 30 см. Көрпе саны 67. Әр көрпеге 3,3-3,6 келі мақта салынған. Көрпе тігуге 46 шебер қатысыпты. Көрпелер этнофестивальдегі көрме таныстырылымынан соң көктемгі су тасқынынан зардап шеккен отбасыларға таратылды.

Көрпелер көрмесін ұйымдастырған Құрайлы Мәдениет үйі.

Шеберлер көрпенің ою-өрнегіне де айырықша назар аударған. Негізгі өрнек — қызғалдақ пішінінде. Қызғалдақ гүлі Ақтөбенің символы. Әрі көктем гүлі. Сондай-ақ көрпедегі құрсақ ою байлық пен молшылықты сипаттайды. Көрпенің негізгі түстеріне жасыл мен қызыл таңдалған.

155 МЕТРОВОЕ КОРПЕ

В Актобе прошел этнофестиваль, посвященный 155-летию образования города. На нем презентовали 155 метровое корпе. Необычный подарок состоял из 67 корпе размером 2 ме-



тра в длину и 30 см в ширину, в составе которых было по 3,3-3,6 кг хлопка. В пошиве корпе приняли участие 46 актюбинских мастериц. Все корпе были розданы семьям, пострадавшим от весеннего паводка после окончания этнофестиваля.

Организаторы выставки — Дом культуры Құрайлы.

Особое внимание мастерицы уделили орнаменту лоскутного корпе. Основной узор — в форме тюльпана. Этот цветок — символ Актобе, символ весны. А орнамент құрсақ ою описывает богатство и изобилие. Основными цветами одеяла были выбраны зеленый и красный.

155 METER BLANKET

An ethno festival dedicated to the 155th anniversary of the city's formation was held in Aktobe. A 155-meter korpe was presented on it. The unusual gift consisted of 67 blankets measuring 2 meters long and 30 cm wide, each containing 3.3-3.6 kg of cotton. 46 Aktobe craftswomen took part in sewing the blanket. All blankets were distributed to families affected by the spring flood after the end of the ethnofestival. The organizers of the exhibition are the Kuraily House of Culture.

The craftsmen paid special attention to the patchwork ornament. The main pattern is in the shape of a tulip. This flower is a symbol of Aktobe, a symbol of spring. And the kursak oyu ornament describes wealth and abundance. The main colors of the blanket were chosen green and red.



✓ Pedagogical friendship

ЖАН ҚҰРБЫМ — ЖАҚСЫ ПЕДАГОГ

Жер-ананың көк майсамен көмкерілер ең әдемі шағы — мамыр айының аяғында, дәлірек айтсақ жиырма бесінші жұлдызында, яғни білім кемесінің кезекті жағалауына аялдайтын күні менің жан құрбым Айгүл Айтбенбетова мынау жарық дүниенің есігін ашыпты. Осы жасына дейін талай жақсы істің басы-қасынан табылып, тұлғалық қыры қалыптасып үлгерген әріптес құрбым туралы дәл осы мерейтой тұсында біраз толғансам...

Айтбенбетова Айгүл Қадыржанқызы — филология ғылымдарының кандидаты, бүгінгі таңда батыс аймағындағы білім мен ғылымның қара шаңырағы саналатын ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті филология факультетінің «Теориялық және қолданбалы тіл білімі» кафедрасының доценті. Сондай-ақ отбасында асыл жар, қара шаңырақтың көрегенді келіні, үш бала тәрбиелеп өсірген аяулы ана, жақында ғана көптен күткен жиені өмірге келіп, асыл әже атанды.

Айгүл Қадыржанқызы Ақтөбе облысындағы ел қорғаған батырлар мен сөз түлеткен ақындар ең көп шыққан тарихи мекен — Шалқар өңірінің тумасы, соның ішінде Бершүгір станциясында ұстаздар отбасында өмірге келген. Әкесі Қадыржан Мұсаұлы — бар саналы ғұмырын білім беру ісіне арнаған жан, Қазақ КСР Халық ағарту ісінің озық қызметкері, өзі өсіп-өнген Бершүгір ауылында ұзақ жылдар мектеп директоры болған, еліне сыйлы азамат атанған. Анасы Мақыш та мұғалімдік мамандықтың тұтқасын ұстаған ұлағатты жандар қатарынан. Мектеп табалдырығын аттағаннан-ақ оқушы Айгүл білімге ерекше ден қойып, қатарластарынан оқ бойы озық көрінеді. Әсіресе, гуманитарлық пәндерге деген сүйіспеншілігі балауса қыздың бойында зерттеушілік, табандылық сынды сапалы қасиеттердің қалыптасуына тікелей түрткі бола бастайды. Алтын ұясынан абыройлы білім алған Айгүл Ақтөбе қаласындағы педагогикалық институтқа оқуға түсіп, ардақты анасының жолын қуып, қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі мамандығын таңдайды. Студенттік жылдарда ізденіспен, болашақ кәсіптің қыр-сырын игеруге деген құл-

шынысымен ерекшеленді. Сонымен қатар дәл осы кезеңде өзінің өмірлік жары Шыңғыс Геннадийұлын жолықтырып, Байғанин ауданындағы аса беделді Айтбенбетовтер әулетіне келін болып түседі. Анасынан алған діңгегі мықты тәрбиенің арқасында Айгүлге сол жылдарда студенттік, келіндік міндеттерді қатар атқаруда ештеңе кедергі болмады. Жоғары оқу орнын ойдағыдай тәмәмдап, дипломмен бірге Әйгерім есімді қызғалдақтың анасы да болып үлгерді. Әрі қарай қызығы мен қиындығы қатар жүретін қызметтік баспалдақтар басталып кетті.

Айгүл Қадыржанқызы 1996-2002 жылдар аралығында Ақтөбе қаласындағы құлағы мүкіс балалар білім алатын мектепте мұғалім болып қызмет етті. Ерекше оқушылардың сауатын ашудан басталған еңбек жолы оны еліміздің оқу-ағарту саласының көптеген қазанында қайнатты, талай жолдардан өткізіп, биік белестерге аяқ бастырды. Атап айтсақ, 2002 жылы отбасымен ару қала — Алматыға қоныс аударып, әрі қарайғы қызмет жолы Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогика институтының «Қазақ тілі» кафедрасында оқытушылықпен жалғасты. Жоғары оқу орнындағы оқытушылық міндет табиғатынан тыңғылықты Айгүлді ұлттық тіліміздің тынысын зерттеуге бағытталған лингвистика ғылымына алып келді. Ұлы Абайдың «Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз» деген тәмсілін терең ұғынған Айгүл Қадыржанқызы көп ұзатпай зерттеушілік ізденісінің игі нәтижесін де көрсетіп үлгерді. 2007 жылы «Ауызекі және көркем шығарма мәтіндегі диалог: лексикалық, синтаксистік және стилистикалық сипаттама» тақырыбында кандидаттық



диссертациясын сәтті қорғап шықты. Ғылыми дәреже Айгүлге өзі қызмет атқарып жүрген оқу ордасында аса салмақты, жауапкершілігі мол қызметтердің бел ортасында жүруіне септігін тигізді. Атап айтсақ, бірнеше жыл Қазақ мемлекеттік Қыздар педагогика институтының Ғалым хатшысы лауазымында абыройлы еңбек етті. 2009 жылы Айтбенбетовтер отбасы атамекен — Ақтөбеге қоныс аударуына байланысты Айгүл Қадыржанқызы ҚЖұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі» кафедрасына доцент болып жұмысқа қабылданды. Міне, содан бері Айгүл осы білім шаңырағында қазақ филологиясы бойынша жоғары кәсіби білікті маман даярлау ісінің алдыңғы шебінде аянбай еңбек етіп жүрген жандар қатарында деп ауыз толтырып айта аламыз.

Мерейтой иесі Айгүл Қадыржанқызы қай істі қолға алса да соңына дейін жеткізуді мақсат тұтады, бастаған шаруасына жүрдім-бардым қарау — оған жат қылық, сондықтан болар ол кіріскен жұмыстың соңы оң қорытындымен аяқталып, мол өнім беріп жатады. Мәселен,

Айгүл бірнеше жыл қатарынан «Қазақ филологиясы» мамандығы студенттерін республикалық олимпиадаға дайындауға жетекші ретінде кешенді түрде кірісті, нәтижесінде ол бастаған команда 2014, 2015, 2016 жылдары еліміз бойынша студенттердің білім бәйгесінде бірнеше рет қатарынан бас жүлдені иеленгенін мақтанышпен жеткіземіз. Бүгінде сол команданың мүшесі Мұстафа Шоқай Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде докторантурада білім алып жүрсе, Жаңылхан Әбуталипова, Назерке Аймахановалар өздері де шәкірт тәрбиелеп, аймағымыздың білікті ұстаздар қауымын толықтырып отыр.

Сондай-ақ Айгүл Қадыржанқызы 2018-2020 жылдар аралығында «Теориялық және қолданбалы тіл білімі» кафедрасының меңгерушісі қызметін асқан жауапкершілікпен атқарды. Сол жылдары «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ филологиясы» білім бағдарламалары АРТА, «Атамекен» ұлттық рейтингілерінде көш бастады, студенттердің халықаралық, ұлттық академиялық ұтқырлық бағдарламаларға қатысу деңгейі көтерілді, қосдипломдық

бағдарламалар жүзеге асты, 8D02304 — Филология білім бағдарламасы бойынша докторантура ашылды. Кафедраның ғылыми-әдістемелік, тәрбиелік бағыттағы жұмыстарында да көптеген игі нәтижелер бой көрсетті, соның ішінде профессор Р.Сыздық пен доцент С.Бермағанбет атындағы оқу кабинеттерінің жасақталуын ерекше атап өтуге болады. Кафедра ұжымымен ұйыса атқарылған осындай қыруар шаруалардың басында байсалды қалпымен, үлкенге құрмет, кішіге ізет танытудан бір танбаған Айгүл Қадыржанқызы жүрді.

Айгүл Қадыржанқызы болашақ филологтарға «Стилистика», «Қазіргі қазақ тілінің синтаксисі», «Қазақ тілін оқытудағы IT технологиялар» сияқты іргелі пәндерден дәріс оқиды. Бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде қызметте жүрген оның шәкірттері ұстаздарына үнемі хабарласып, жылы лебіз-тілектерін білдіріп тұрады.

Халқымызда «Арық айтып, семіз шық» деген дұрыс сөз бар, сол айтпақшы бүгінгі мерейтой иесі Айгүл Қадыржанқызы — қашан да болмасын көп сөзден гөрі, маңдай термен жүзеге асатын мол істің адамы, біртоға, сарабдал жан. Тек қызметте ғана емес, отбасылық өмірде де оның бойынан көрегенділікті, даналықты байқаймыз. Жолдасы Шыңғыс Геннадийұлы екеуі тәрбиелеп өсірген балалары бүгінде ата-ана үмітін ақтауға тырысып жүр: тұңғышы Әйгерім — Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің түлегі, журналист, үлкен ұлы Асылан Назарбаев университетін тәмамдаған, IT саласының маманы, ал кенжесі Темірлан — мектеп оқушысы.

Айгүл Қадыржанқызының өнегелі өмір жолына жасалған кішкене ғана шолудан шығатын қорытынды: кейіпкеріміздің кісілік келбеті, парасат-пайымы, ісі мен сөзінің әрдайым сәйкес келуі көпке үлгі боларлықтай екен!

Менің жан құрбым — жақсы педагог!

Құрметті Айгүл құрбымды 50-жасқа толған мерейтойымен құттықтаймын және оны әрдайым абайой биігінен көргім келеді.

**Зухра Мирамбекқызы
Қ.Жұбанов атындағы
Ақтөбе өңірлік университеті
«Теориялық және
қолданбалы тіл білімі»
кафедрасының
аға оқытушысы**

☑ Main news

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНА — 155 ЖЫЛ

Айтулы мерекеге орай қала әкімі Азамат Бекет қала тұрғындарына бейнеқұттықтау жолдады.

«Қымбатты ақтөбеліктер!

Сіздерді бүгінгі, 28 мамыр айтулы мереке — Қала күнімен шын жүректен құттықтаймын!

155 жыл бұрын Електің сол жағалауында, оң жағынан Қарғалы өзені құятын тұсында ақ төбедегі қаланың алғашқы іргетасы қаланды.

Ақтөбе — бүгінде 600 мыңнан астам тұрғынның ортақ үйі. Шаһар — халқының саны бойынша еліміздегі төртінші қала, Қазақстанның ірі индустриялық аймағы.

Соңғы жылдары Ақтөбе іргесі өсті, жаңа аудандар, жаңа үйлер салынды, алып құрылыстар алаңы-



на айналды. Қаланың 15-тен астам шағын ауданы, 54 елді мекені бар.

Қадірлі ағайын!

Біз биыл қала күнін той-думанға айналдырмай, мерекені негізінен қайырымдылық шараларға бағыттап отырмыз. Себебі осы көктемде еліміздің көп өңірлерімен қатар Ақтөбе де су тасқынынан зардап шекті.

Сын сағатта ақтөбеліктер елдіктің, ерліктің жарқын үлгісін көрсете білді. Волонтерлер, жастар, кәсіпкерлер, жалпы әр саланың өкілдері құтқару жұмыстарына, су тасқынының салдарын жоюға үлес қосты. Оларға мен шексіз алғысымды білдіремін.

Ғасырдан астам уақыт жасап келе жатқан жасампаз шаһарымыз өркендеуге, өрлеуге лайықты. Биыл біздің қаламызды абаттандыруға, жолдарды жөндеуге көп күш салатын боламыз. Алдымызда сіздермен бірлесіп атқаратын көп жұмыс күтіп тұр.

Арайлы Ақтөбенің барлық тұрғындарына бейбітшілік пен тыныштық, зор денсаулық, береке-бірлік, табыс пен бақыт тілеймін.

Мереке құтты болсын!», — деді Азамат Бекет.

ГОРОДУ АКТОБЕ 155 ЛЕТ

В честь знаменательной даты аким города Азамат Бекет направил горожанам видеопоздравление.

«Дорогие актюбинцы!

Искренне поздравляю вас со знаменательным событием - Днем города!

Актобе — четвертый по численности населения город страны, крупнейший индустриальный центр Казахстана.

155 лет назад был заложен первый камень города на белом холме, окруженном плодородными землями между реками Илек и Кар-



Наш город, существующий уже более полутора века, заслуживает процветания. В этом году мы приложим значительные усилия для улучшения благоустройства и ремонта дорог в Актобе. Впереди нас ждет большая работа.

Желаю всем жителям Актобе мира и спокойствия, крепкого здоровья, благополучия, успехов и счастья.

С праздником!», — сказал Азамат Бекет

THE CITY OF AKTOBE IS 155 YEARS OLD

In honor of the significant date, the mayor of the city Azamat Beket sent a video greeting to the citizens.

"Dear Aktoбе residents!

I sincerely congratulate you on a significant event - the City Day!

Aktoбе is the fourth most populous city in the country, the largest industrial center of Kazakhstan.

155 years ago, the first stone of the city was laid on a white hill surrounded by fertile lands between the Ilek and Kargaly rivers. Since then, Aktoбе has grown, expanded and transformed.

Today Aktoбе is a common home for more than 600 thousand residents. In recent years, the city has changed significantly, new houses have been built, new districts have been formed. At the moment, there are more than 15 microdistricts and 54 residential areas in Aktoбе.

This year Aktoбе, like other regions of the country, suffered from the spring flood. Therefore, we decided to celebrate the anniversary of our city by holding charity events.

It is important to emphasize that in difficult times Aktoбе residents showed a high level of courage and unity. Volunteers, youth, entrepreneurs, and representatives of various spheres of life contributed to rescue operations and flood relief. I express my deep gratitude to them.

Our city, which has existed for more than a century and a half, deserves prosperity. This year we will make significant efforts to improve the landscaping and repair of roads in Aktoбе. We have a lot of work ahead of us.

I wish all residents of Aktoбе peace and tranquility, good health, prosperity, success and happiness.

Happy holidays!", — said Azamat Beket

✓ Double degree education

— Мамандығыңыз ерекше екен, қатты түсінбесем де өте қызығып отырмын, астрофизиктің бір күні қалай өтеді, айтып берсеңіз.

— Астрофизиктің бір күні әдеттегідей, барлық адамдардың күніндей басталады ғой әрине, алайда күннің өту барысы өзгеше болуы мүмкін... Таңертеңгі сабақтан соң ойымды ғылымға бөлемін. Сабақтан кейін ғылымға кірісіп кету оңайлыққа соқпайды. Бұл бір қалыптан екінші қалыпқа ауысу секілді ғой. Кішкене ой шоғырын жинақтау керек болады, энергия кеткеннен соң оны түскі аспен орнын толтырамын, әріптестеріммен кейде ғылымды талқылаймын дегендей. Сосын астрофизиканың өзекті тақырыптары: жұлдыздар, жұлдызды шоғырлар, галактикалар сынды дүниелердің физикасымен айналысамын деп уақытты бақылаудан тыс қаламын. Кей кездері тым көшке дейін жұмыста отырып қалатыным бар. Сондай кезде, негізі барлық кезде, үйге қайту барысында келесі күннің жоспарын егжей-тегжей ойластырып шығамын. Ал үйде астрофизика кідіре тұрады, отбасым мен үй шаруаларына назарымды бұруым керек.

— Кәсібіңіздің жаңа беле-сінен өткен тәріздісіз биылғы оқу жылында, бұл оқытушылық бірінші тәжірибеңіз бе?

— Жоға, сабақ беру тәжірибем 2014-тен басталған, әри-



Қазақстандық студенттерге тәнтімін

Белсенді галактикалық ядролар мен жұлдыз шоғырларымен байланысты үлкен деректерді талдау және модельдеуге маманданған астрофизик. Физика және астрономия саласындағы тәжірибелі зерттеуші, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің Ph.D. докторанты, Heriot-Watt университетінің халықаралық филиалының оқытушысы Мұқағали Қаламбай қазақ жастарын өз Отанында шетелдік білім алуға шақырады.

Әңгімелескен журналист Гүлнара Қараша.

не ол кезде студентпін, мектеп оқушыларына физика мен астрономияны түсіндіретінмін. Ал ЖОО-да ресми түрде сабақ беруді 2017 жылдан бастадым. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да физика-техникалық факультеттің оқытушысы, кейіннен аға оқытушысы болып қызмет еткенмін. Дегенмен, қазақстандық емес ЖОО-да оқытушы ретінде қызметімді алғаш рет осы Heriot-Watt университетінің халықаралық филиалында бастағаным рас.

— Мұқағали дегенде бірден поэзия жолдары тілге оралады. Есіміңізге қарай айтып жатқаным ғой. Сыры бар болар?

— Маған өте жиі қойылатын сұрақтардың бірі... Есімді әкем қойған, жас күнімде Мұқағалидың өлеңдерін оқығанды жақсы көрген екен. Дегенмен поэзия әлемінде Мұқағалидың есімі қақ жарып тұр емес пе?! Ол жақта екінші Мұқағали артық болар... Алайда «Менің есімім ғылым әлемінде қақ жарса қанекей» деп еңбектенудемін. Ал ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңдерін өзім де сүйіп оқимын.

Мынадай бір жайт есіме түсіп отыр, ҚазҰУ-да бакалавриатта оқып жүрген кезімде, "Теориялық физика" кафедрасында 1955 жылдан еңбек етіп келе жатқан Мурзағалиев Гиннат деген профессор ағамыз болды. Сол кісі жас күнімде Мақатаевпен жолдас болған екен. Кейін маған сабақ берген кезінде үйіміз бір жақта болып, бірге жаяу қайтатынбыз. Сонда профессор айтатын: «Екеуің кішкене ұқсайсыңдар, ол да сен де сөз тапқырсыңдар, адамдармен тіл табыса аласыңдар. Сенің барар жерің әлі алда, осы жолыңнан тайма» деп. Ол кісінің әңгімесін тыңдау маған ылғи қызық еді.

— Бірнеше шетелдің жоғары білім беру жүйесімен таныс екенсіз. Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде шетелдік рейтингті ЖОО-лар филиалдары ашылып жатыр. Соның бірі — шотландиялық Heriot-Watt филиалында сабақ бересіз. Бұл филиалдардың болашағы жайлы қандай ойда-сыз?

— Herizi, осы ашылған Heriot-Watt филиалының болашағына кәміл сенемін. Шетелдік университеттердің оқыту үрдісі жылдан жылға ұшталып, қайралып, әбден өткір болып тұр ғой. Ал осы білім ағынына



қорықпай кіріп, тез іліп алып, үйреніп жатқаны үшін біздің қазақстандық студенттерге тәнтімін. Сондықтан да барша қазақ жастарын елден алыс кетпей-ақ, осында білімдерін жетілдіруге шақырамын.

— **Әлі жассыз, сондықтан алда қазіргіден де биік мақсаттарыңыз бар болар. Негізгі мақсатқа жету жолында адам бойында болуы керек басты, үш қасиетті атайсыз ба, кейінгілерге үлгі болсын.**



— Иә, өте орынды сұрақ, алайда менің ойым да, қасиеттерге деген көз қарасым да уақыт өте келе өзгеріп отыратын секілді. Дегенмен, қазіргі кезде, ең басты адами қасиеттерімізден бөлек, келесі қасиеттерді тізбектеп айта алатын сияқтымын:

— Білімге деген құштарлық. Кез-келген затқа басқаша қырман қарап, ғылыми тұрғыдан бағалау керек. Сол жайлы қосымша іздену де керек.

— Сұрақ қюдан ұялмай. Мені «Білімсіз екен» деп ойлап қалады дегенді ұмыту ке-

рек. Барлығымыз солай ойлап жүреміз, жоқ, керісінше сұрақ қою арқылы алған ақпаратымызды толықтыра аламыз. Сұрақты да жүйелі және орынды қоя білу керек. Сонда артық ақпаратты немесе тың, қызықты мәліметтерді кездестіре аламыз.

— Кішіпейілділік. «Мен білемін» деп шалқаймау керек, себебі әр адам өзінше индивид және мен білетін ақпаратты басқа біреу білмеуі мүмкін, ал басқалар білетін ақпаратты

мен білмеуім мүмкін дегендей ғой. Ал білім алмасу кішіпейілділіктен шығады. Өзің білетін білімді басқалармен бөлісіп, және керісінше жасау үшін де кішіпейіл болу керек.

Соңында айтарым, өзім де соны қолдануға тырысамын, ол "Ертеңгі Мұқағали бүгінгі Мұқағалидан бір сатыға биік болу керек" (өзімді айтамын), сонда ғана прогресс болады, ал егер апталар бойы бір білімің артпаса онда бір орында тапталып қалғаның дегенді білдіреді.

— **Тамаша!**

✓ Main news



МЕРЕЙТОЙҒА ОРАЙЛАС ПІКІРТАЛАС ТУРНИРИ

Құдайберген Жұбановтың туғанына 125 жыл толуына орайласқан «ЖҰБАНОВ CUP VI» республикалық пікірталас турнирі өтті. Оны ұйымдастырған «Заман біздікі» Интеллектуалды Элиталар Одағы.

14-35 жас аралығындағы пікірсайысшылар арасында американдық-парламенттік және Линкольн-Дуглас форматтарында өткен турнирге 34 фракция, 68 спикер қатысты.

Пікірсайысшылар Алматы, Атырау, Ақтау, Қостанай және Хромтау қалаларынан келді.

Турнир нәтижесі бойынша «Матадор» фракциясы (NARXOZ University) бірінші орынды иеленді. Екінші орын «Хромтау» фракциясына, ал үшінші орын «Железные леди» фракциясына (SDU/NARXOZ University) берілді. Одан бөлек үздік ойын көрсеткен пікірсайысшылар «Турнирдің ең үздік спикері», «Үздік спикер», «Турнирдің үздік төрешісі», «Үздік гид» номинацияларымен марапатталды.

ДЕБАТНЫЙ ТУРНИР К ЮБИЛЕЮ

К 125-летию Кудайбергена Жубанова состоялся республиканский дебатный турнир «ЖҰБАНОВ CUP VI». Организаторы мероприятия Союз интеллектуальной элиты «Заман біздікі».

В американском парламентском и «Линкольн-Дуглас» форматах приняли участие 34 фракции и 68 спикеров. Участники дебатов приехали из Алматы, Атырау, Ақтау, Костаная и Хромтау.

По итогам турнира первое место заняла фракция «Матадор» (NARXOZ University). Второе место получила фракция «Хромтау», третье место присудили фракции «Железные леди» (SDU/NARXOZ University). Кроме того, дебате, показавшие лучшую игру, были награждены номинациями: «Лучший спикер турнира», «Лучший спикер», «Лучший судья турнира», «Лучший гид».

THE DEBATE TOURNAMENT FOR THE ANNIVERSARY

The republican debate tournament "ZHUBANOV CUP VI" was held on the 125th anniversary of Kudaibergen Zhubanov. The organizers of the event are the Union of Intellectual Elite "Zaman bizdiki".

34 factions and 68 speakers took part in the American parliamentary and Lincoln-Douglas formats. The participants of the debate came from Almaty, Atyrau, Aktau, Kostanay and Khromtau.

According to the results of the tournament, the first place was taken by the "Matador" faction (NARXOZ University). The second place was awarded to the Khromtau faction, the third place was awarded to the Iron Ladies faction (SDU/NARXOZ University). In addition, the debaters who showed the best game were awarded with nominations: "The best speaker of the tournament", "The best speaker", "The best judge of the tournament", "The best guide".

✓ Jubilee

Александр
Перевезенцев:

Я СЧАСТЛИВ, ПОТ ЗАНИМАЮСЬ ЛЮБИМ

— 60 лет — это особенная юбилейная дата, возраст мудрости. Поздравляю Вас! Теперь мы с Вами туйдей курдас. Как Ваше настроение?

— Большое спасибо за поздравление! Да, как говорится, «Добро пожаловать в клуб 60 плюс». Настроение бодрое, только что завершился очень сложный семестр, пора готовиться к новому академическому году. Вспоминаю, что, когда мне исполнилось 50, немного тревожило словосочетание «шестой десяток», но оказалось, что этот период жизни тоже достаточно интересный — активный и продуктивный.

— У Вас интересная биография. Вы родились в Узбекистане, затем переехали в Казахстан, Байганинский район Актюбинской области.

— Да, я родился в Советском Союзе, когда границ между республиками фактически не было. Мой отец, Леонид Никитович, известный геолог-нефтяник (он был главным геологом «СНПР-Актобемунай-газ»), после окончания Алма-Атинского политехнического института получил распределение в Узбекистан, я родился в поселке Газли («газовый» по-узбекски), а когда срок обязательного распределения закончился, отцу предложили работу в Западном Казахстане — здесь только что было открыто месторождение «Жанажол», велась разведка других... Так мы оказались в поселке Жаркамыс Байганинского района, он тогда состоял из двух районов — совхоза и поселка геологов, в котором была маленькая 8-летняя школа, где я отучился первые три класса. Тогда это был очень отдаленный район, куда не проходили телевизионные трансляции, и телевизор я смотрел только у бабушки в Алма-Ате во время летних каникул. Родители очень старались, работали над моим развитием — рано научили меня читать (в 3 года), показывали диафильмы, у нас дома постоянно работал радиоприемник, царил культ чтения, хороших книг и литературных журналов... За это я очень благодарен моим родителям. После пары переездов, что тогда было нормой для семей геологов, горожанином-актюбинцем я стал в 12-летнем возрасте.

— Что повлияло на Ваш выбор стать историком?

— Я долго не мог определиться, кем я хочу стать, одно время даже учился в школе с математическим уклоном, но со временем гуманитарий во мне взял верх... И, конечно же, на мой выбор повлияли прочитанные мной книги — от «Спартака» Р.Джованьоли до романов Вальтера Скотта («Роб Рой», «Айвенго»), Г.Сенкевича («Крестовосцы»), А.Конан Дойла («Белый отряд»), М.Дрюона (цикл романов «Проклятые короли») и А.Дюма («Сорок пять»).

Мы с лучшим другом вместе поехали поступать в Томский университет — в отличие от других вузов, он предлагал программу обзорных лекций для абитуриентов, что помогло при поступлении. Томск был одним из известных центров образования и культуры, его называли «Сибирскими Афинами», каждый пятый житель города был студентом или преподавателем. Даже при подаче документов я сомневался, на какую специальность хочу поступать. Но выяснилось, что для тех, кто хотел поступать на факультет журналистики, уже начался творческий конкурс, и я подал документы на истфак, о чем ни разу не пожалел. А то, что я буду не архивистом или археологом, а именно преподавателем истории, выяснилось во время педпрактики на выпускном курсе. Тогда я понял, что мне интересно рассказывать ученикам разные истории, а им — слушать меня, затаив дыхание... Я мог увлечь моих учеников своим предметом, это чувствовалось и наполняло какой-то особой гордостью, и я понял, что это и есть мое призвание. Как сказал мне как-то один мой мудрый американский друг, «преподавание — это как (особая) миссия».



Кандидат исторических наук, доцент Александр Леонидович Перевезенцев отметил свой 60-летний юбилей. Он является автором более 100 научных и методических публикаций, в том числе монографии о жизни и деятельности 31-го американского президента Г. Гувера «Герберт Гувер. Долгий путь к недолгой славе». Его научно-педагогический стаж в «Zhubanov University» составляет 38 лет.

В 1986 году юбиляр окончил исторический факультет Томского государственного университета имени В.В. Куйбышева, аспирантуру проходил в КазНУ имени Аль-Фараби. В 1993 году защитил кандидатскую диссертацию по историографии истории Казахстана в 1925-1933 гг.

За годы работы в вузе занимал должности заведующего кафедрой всемирной истории АГУ им. К.Жубанова (1994-2005), начальника ОМК (2005-2007), был членом Ученого совета университета (1994-2005, 2017-2019). В настоящее время - кандидат исторических наук, доцент кафедры Истории и религиоведения исторического факультета.

Александр Перевезенцев награжден медалью «За вклад в развитие университета» (2017), Почетной грамотой МОН РК (2019), Почетной грамотой Акимата области (2016, 2021), званием «Отличник образования РК» (2000).

В канун юбилея ученый-педагог награжден нагрудным знаком «За вклад в науку Казахстана». Юбилея поздравил журналист Гульнара Караша и с интересом послушала рассказ о его педагогическом пути, научной деятельности и о периодах профессионального становления.

— А когда Вы стали преподавателем Актюбинского педагогического института?

— Это очень интересная история. В ТГУ была военная кафедра, и после 4-го курса мы с однокурсниками прошли летние военные сборы и получили звание «лейтенанты». После окончания университета по линии Министерства обороны я и часть моих однокурсников должны были на 2 года уехать служить в Забайкальский военный округ. На выпускном курсе мы даже не участво-

вали в распределении — напротив наших фамилий стояли две буквы «МО» («Министерство обороны»). Но нам повезло — в этом году одно из сибирских военных училищ дало большой выпуск, и «офицеры-двухгодичники» не понадобились. Мы получили то, о чем в Советском Союзе выпускники могли только мечтать — свободное распределение! Декан попросил нас только привести ему справку о нашем будущем трудоустройстве. Мы с лучшим другом-биологом (Журав-

левым Юрием, он сейчас является директором зоопарка в Санкт-Петербурге) поспешили домой и попали на прием к ректору пединститута, Арыну Мухтару Галиевичу. Навероятно интеллектуальный, любознательный, интеллигентный человек, он долго расспрашивал нас об особенностях учебы в ТГУ, смотрел наши «Зачетные книжки», и вынес решение о том, что, если мы на «отлично» сдадим госэкзамены и защитим дипломные работы, он примет нас на работу преподавателя-

ПОТОМУ ЧТО МОЕЙ РАБОТОЙ

ми. Мы с этим «заданием» успешно справились и в августе 1986 года стали преподавателями АПИ — я был принят на кафедру «Истории КПСС и политэкономии», моим первым зав. кафедрой был Беккалиев Еркин Каирғалиевич.

Тогда, в 1986 году, наш университет был областным пединститутом, в котором на 3-4 факультетах (в двух учебных корпусах) учились 2,5 тысячи студентов и работали 220 преподавателей. За годы работы в университете мне посчастливилось сотрудничать, а главное — учиться у таких уважаемых коллег, как Арын Мухтар Галиевич — ректор пединститута, принявший меня на работу и через два года направивший на стажировку и в аспирантуру в столицу, проректора Букейханов Нурым Раимжанович, Лепесов Жайлау Лепесович, Цхай Константин Валентинович, Айпеисова Сайра Апраимовна, декан факультета, а затем проректор Султанғалиева Гульмира Салимжановна, декан, а затем зав. кафедрой Прусс Анатолий Петрович, зав. кафедрой Истории и религиоведения Избасарова Гульбану Булатовна и многие другие уважаемые коллеги. Нельзя не вспомнить бывшего ректора Кенжебаева Кенжеғали Кенжебаевича, доверившего мне, 30-летнему, заведование кафедрой. Хотя сейчас это уже обыденное явление, но тогда было большой редкостью.

— Вам посчастливилось трижды становиться финалистом американских образовательных и научно-исследовательских программ. Поделитесь, пожалуйста, Вашими самыми яркими и интересными впечатлениями об этом периоде Вашей жизни.

— Да, действительно, это были очень яркие и запоминающиеся годы. В конце 1990-х годов в Казахстане появились уникальные возможности для преподавателей вузов. В 1997 и 1999 годах я принял участие в «Летних университетах» Фонда «Сорос-Казахстан», где впервые познакомился со знаменитыми учеными — как отечественными (Н.Масанов, И.Ерофеева, Ж.Абылхожин), так и зарубежными — российским ученым, учеником Л.Н.Гумилева, С.Г.Кляшторным, западными профессорами из Лондона, Нью-Йорка... Возникло желание выйти на международный уровень. В 1998 году Казахстан присоединился к программе «Junior Faculty

Development Program» («Программа развития (совершенствования) молодых преподавателей»), и уже в следующем году, выдержав большой конкурс, я стал одним из 8 ее финалистов от нашей страны. Пришлось пойти на курсы английского языка, чтобы сдать экзамен (TOEFL) и пройти собеседование.

Первая поездка в США оставила очень яркие впечатления — у нас была «ориентационная неделя» в Университете Делавэра, а затем — полный академический год в Фэафилдском университете штата Коннектикут. На собеседовании меня спросили, куда бы я хотел поехать в Штатах в случае, если я стану финалистом — я ответил, что на Восточное побережье, в Новую Англию. Моя мечта сбылась, я попал в отличный университет с великолепным местоположением — чуть больше часа езды до Нью-Йорка (где мы с семьей провели большинство выходных, посещая музеи, театры, парки...), полчаса — до Нью-Хэйвена с Йельским университетом, входящим в «Лигу плюща», да и Бостон с Филадельфией были относительно недалеко. За год я прослушал 6 полных курсов по истории, педагогике и культуре США, множество гостевых лекций, принял участие в конференции в Сент-Луисе, прошел стажировку в Отделе региональной истории Бриджпортской публичной библиотеки, собрав материал для интересной статьи о русской диаспоре в Коннектикуте (самым ярким представителем которой был инженер Игорь Сикорский — изобретатель вертолета и гидросамолета).

Вторая поездка, когда я стал финалистом Международной исследовательской программы «Фулбрайт» (знаменитая, престижная программа для зарубежных ученых, выполняющих научное исследование в США), была еще более интересной — на мою удачу, мой научный руководитель, профессор Д. Кеннеди, оказался профессором Стэнфордского университета, и мы с семьей провели 9 месяцев в Калифорнии. О Стэнфордском университете, его истории я написал несколько статей, а главное — именно здесь я заинтересовался личностью и судьбой выдающегося выпускника Стэнфорда, 31-го президента США Герберта Гувера. Этот интерес со временем привел меня на родину Гувера, в городок Вест Бранч, штат Айова, где находится Гуверовская Президентская Библиотека и Музей.

Впервые я попал сюда в 2008 году, выиграв грант Посольства США в Казахстане, но, проработав в архивах и библиотеке полторы недели, я понял, что собранного материала недостаточно для монографии, и в 2012 году мне посчастливилось (вновь пройдя жесткий отбор) во второй раз стать финалистом программы «Фулбрайт» — на этот раз в Университете Айовы. Мы жили в городе Айова Сити, в 16 километрах от Вест Бранч и, соответственно, Президентской Библиотеки и Музея, где я собрал массу интересного материала о жизни и деятельности Г. Гувера, а также его супруги — первой леди Лу Генри Гувер. О Герберте Гувере я со временем выпустил солидный биографический труд — более 400 страниц текста с уникальными архивными фотографиями, на основе архивных же материалов и биографических исследований (180 источников, 110 из которых — на английском языке), а также несколько десятков статей и тезисов выступлений на международных научных конференциях.

— Вас называют историком-американистом. Почему Вас увлекает американская история?



— Интерес к американской истории начался у меня с интереса к выдающейся американской литературе. В молодости я очень много читал, и среди любимых авторов в основном были американцы — Д.Лондон, М.Твен, Э.Хемингуэй, Ф.С.Фицджеральд, К.Саймак, Р.Брэдбери, А.Эзимов, Р.Шекли, А.Хейли, С.Кинг, Э.Сетон-Томпсон. Интересно, что во время своих американских путешествий мне довелось побывать в доме-музее Д.Лондона в Калифорнии и домах-музеях М.Твена — в городе Ганнибал, штат Миссури, где он родился и вырос, и в Хартфорде, штат Коннектикут, где он жил позднее и создал свои самые известные произведения.

В студенческие времена мне повезло с научным руководителем курсовой, а затем дипломной работы — профессором Ниной Семеновной Индукаевой, интереснейшей личностью и прекрасным ученым. Под ее руководством я написал дипломную работу по внешней

политике США в Европе в 1920-е годы. Кандидатскую диссертацию я подготовил по историографии истории Компартии Казахстана в 1920–1930-е гг. (период между двумя мировыми войнами — для меня самый интересный и любимый), но, как только появилась возможность вернуться к американским исследованиям (благодаря моему участию в вышеуказанных программах), я вновь занялся этой тематикой, благо — знание английского языка позволяет использовать массу англоязычных источников. В 2009 году я вступил в «Российскую ассоциацию историков-американистов» и уже полтора десятка лет участвую в научных конференциях и семинарах в главных центрах российской американистики — Москве, Санкт-Петербурге, Волгограде, Самаре, Томске. По моим докладом на конференциях и научным публикациям коллеги-американисты судят об уровне казахстанской американистики, что налагает определенную ответственность, не позволяя «понижать планку» уровня исследований.

— Сегодня мы становимся свидетелями глобальной транс-

формации модели нашего университета. Формируется абсолютно новая роль академической среды. Какими Вы видите перспективы высшего образования в нашей стране?

— За те почти 38 лет, что я работаю в нашем университете, система высшего образования в нашей стране (как и АРУ им.К.Жубанова, в частности) пережила уже несколько трансформаций. Первая из них, когда осуществлялся переход от советской системы к суверенной модели, был, возможно, наиболее болезненным. Все менялось — от предметов (канули в Лету «История КПСС», «Научный коммунизм», «Марксистско-ленинская философия» и т.п.) до менталитета всех участников образовательного процесса. Стране потребовались инновации, а главное — способные их осуществить инноваторы, о чем я писал в одной из своих статей.

(Начало. Окончание на 10-стр)

✓ Jubilee

Александр
Перевезенцев:

Я СЧАСТЛИВ, ПОТОМУ ЧТО ЗАНИМАЮСЬ ЛЮБИМОЙ РАБОТОЙ



Преподаватели
кафедры
Всемирной
истории.
Начало
2000-х

(Окончание. Начало на 8-9 стр)

Именно в это время, в 1990-е годы, наш университет вырос из небольшого провинциального пединститута до огромного, самого крупного в Западной Казахстане университета с совершенно другими масштабами — от количества студентов, преподавателей, факультетов и специальностей подготовки специалистов до всех ступеней современного высшего образования — от бакалавриата до докторантуры. В молодой, быстро развивающейся стране актуальным стал вопрос о качестве «человеческого капитала», и нужно было достойно принять этот вызов.

Второй трансформацией можно считать переход от линейной к кредитной системе обучения, особенно в те «переходные» годы, когда на старших курсах еще доживала свое старая система, а на младших уже все было по-новому. Поначалу взяв курс на американскую модель высшего образования, мы затем совершили поворот к европейской («Болонской») системе — американские 15-часовые кредиты сменились европейскими 30-часовыми и др. Практически параллельно шла тотальная компьютеризация, «цифровизация», вводились элементы онлайн обучения, видеолекции и т.п. Мне, как и другим педагогам-гуманитариям, пришлось осваивать разного рода компьютерные программы, требовавшие соответствующих навыков... Было нелегко, но как это все пригodiлось в период пандемии, когда почти полтора года пришлось работать в он-лайн режиме!

Современный этап трансформации модели нашего высшего образования, его перспективы, как мне представляется, состоит, преж-


де всего, в интернационализации и унификации образования, когда и преподаватели, и студенты постоянно участвуют в академической мобильности, повышают свою квалификацию, уровень своей компетентности. Блестящим примером этого служит открытие в нашем университете филиала известного британского Heriot-Watt University, а также участие нашего ВУЗа в различных международных проектах. Так, в настоящий момент я и мои коллеги принимают участие в подготовке Силлабусов европейского образца (в сотрудничестве с финскими коллегами и «Назарбаев Университетом»), идет внедрение в современный образовательный процесс модели STEM и CLIL-технологии... Это позволит повысить квалификацию современных специалистов, что жизненно необходимо в наше время. Необходимо понять и принять логику перемен в образовательном сообществе, действовать в русле «педагогического сотрудничества», больше внимания уделять выработке у студентов не только знаний (они быстро устаревают при нынешних темпах развития социума), но и самых актуальных компетенций.

— Завершился 38-й год Вашей педагогической деятельности. Вы состоялись как компетентный преподаватель, известный ученый, глава семьи. Наверное, это и есть счастье.

— Спасибо, не могу не согласиться с Вами. Я счастлив, потому что занимаюсь любимой работой, у меня любимые жена и дочь. Супруга Татьяна, когда работала школьным учителем, стала финалисткой Программы TEA (Teaching Excellence and Achievement Program). Дочь Анастасия в 15 лет

стала финалисткой программы «FLEX» (Future Leaders Exchange Program — Программы Обмена Будущих Лидеров), окончила в США бакалавриат в «Lehigh University» в Пенсильвании по специальности «Международные отношения и Политология» (у нее «double major»), затем поступила в докторантуру «American University» в Вашингтоне, получила степень магистра, прошла годичную стажировку в Европе, сейчас работает и пишет докторскую диссертацию.

Мне очень нравится работать со студентами — заинтересовывать их своими предметами, мотивировать к занятию наукой, профессиональному и личностному росту, расширять общий кругозор. С удовольствием занимался (и по возможности продолжаю заниматься) «внеаудиторной» деятельностью — руководил факультетским «English Club», играл в КВН, провожу интеллектуальные игры «Эрудит»... В последние годы активно занимался экспертной работой — совершенствованием школьных учебников Всемирной истории. Способствовал приезду на исторический факультет зарубежных профессоров — А.И.Кубышкина из СПбГУ, К. Риса из Университета Индианы. Работаю над следующей монографией по очень редкой тематике — о первых леди США, провожу научные и методические семинары. Все это, я надеюсь, вносит вклад в формирование положительного имиджа нашего университета, молодому руководителю которого — уважаемой Лауре Чапаевне Карабасовой, а также ее перспективной и талантливой команде я желаю дальнейших успехов, а родному университету — благополучия и процветания!



Нью-Йорк.
5-я авеню.
1999 год

✓ Silver university

Әлемде егде жастағы адамдардың әлеуметтік белсенділігі өзекті. «Күміс жас» деп аталатын ұрпақ немесе 60+ буыны әлемдегі 7,6 миллиард халықтың 13,17% құрайды екен. Салыстыру үшін айтсақ, Қазақстанда егде жастағыларға қатысты бұл көрсеткіш 18,5 миллион халықтың 11 пайызы шамасында.

Осындай саликалы жасқа жеткендерге арналған үшінші жас мөлшеріндегі «Күміс университет» — халықаралық қозғалыс болып табылады, «Бұл егде жастағы адамдарға екінші мамандық алуға көмектесетін оқу орны, міндеті қарт адамдардың қазіргі заманға сәтті бейімделуіне, өзін-өзі жетілдіруіне қолайлы жағдай жасау», — дейді Zhubanov University Қосымша білім беру департаментінің директоры, гуманитарлық ғылымдар магистрі Мұзбаева Жадыра Құрманғалиқызы.

«Күміс университет» жобасы елімізде 2021 жылдан бастап іске асырылып жатыр.



КҮМІС УНИВЕРСИТЕТ, ЕКІНШІ МАМАНДЫҚ

— Алдымен «Күміс университет» жайында жалпы түсініктеме беріп кетсеңіз.

— Күміс университет — аға буын өкілдерінің физикалық және менталды денсаулығын жақсартуына, белсенді ұзақ өмір сүруіне, заманауи нарыққа сәйкес келетін дағдыларды игеруіне ықпал ететін әлеуметтік қозғалыс. Бұл жоба әлемнің дамыған мемлекеттерінде ұзақ жылдар бойы сәтті жұмыс істеп келеді. Ал еліміздің жоғары оқу орындарында «Lifelong learning» яғ-

на ұйымдастырды. Аталмыш жоба бойынша 70-ке жуық аға буын өкілдері біліктілігін арттырды.

— Расында бұл бағыттағы білім беру жобасы шетелдерде 60 жылдан астам уақыт жүріп келеді екен. Бізге енді еніп жатыр. Жалпы менталитеттік ерекшелігімізді ескерсек жоба ауқымы кеңейер ме екен, біздің үлкендер жұмыстан соңғы өмірін немере бағумен шектейді ғой, көбіне.



ни «Өмір бойы оқу» тұжырымдамасының шеңберінде соңғы 3-4 жылдың ішінде белсенді ұйымдастырылуда.

Аталған жоба университетімізде әлеуметтік бағытта 2021 жылдан бастап өткізіліп келеді. Біз бұған дейін университетіміздің зейнеткерлік жасқа жақындаған профессорлық-оқытушылық құрамына, қызметкерлерге бірнеше бағыттағы курстар өткіздік. Ал биыл 50 жастан асқан қала, облыс тұрғындарын қамтуды мақсат тұтып, цифрлық сауаттылық, құқықтық, қаржылық, шет тілі (ағылшын), вокал, тігін секілді 7 бағытта курс-

— «Күміс университет» жобасының дамыған мемлекеттерде ұзақ жылдар бойы ұйымдастырылып, өз елімізде енді қарқын алуы тарихи, әлеуметтік факторлардың әсері болуы мүмкін деген пікірдемін. Дегенмен біздің ата-бабаларымыз да тал бесіктен жер бесікке дейін білім алуды кейінгі ұрпаққа өсиет еткен. Қазіргі өзгермелі әлемде біліктілікті арттыру, жаңа кәсіби дағдыларды қалыптастыру, тіпті жаңа мамандықты игеру — заман талабы. Осы жобаны ұйымдастыруда аға буын өкілдерінің жаңа ақпаратты қабылдауға ашық, икемді екенін аңғардық.

Әрі жоба олар үшін тек білім алу алаңы ғана емес, жаңа бір қарым-қатынас, тәжірибе алмасу алаңы деп те айтуға негіз бар. Сондықтан біз алдағы уақытта осы өткізілген лектен қорытынды шығара отырып, әрі сұраныстарды ескеріп, нағыз қажет болатын мазмұнды курстар легін арттыруға тырысамыз.

— Байқауымша күміс білім алуға зиялы қауым қатарындағы егде адамдар тобы қызығушылық танытатын сияқты.

— Жобаға қатысқан аға буын өкілдері өз кезеңінде білім, медицина, теміржол, өнер т.б. бірнеше әлеуметтік салаларда қызмет атқарған жандар. Қазір ата-әже ретінде немере тәрбиелеп отырғанымен, білім алуға, жаңа машықтарды игеруге талпыныстары жоғары. Мәселен, жобаға қатысқан Жұмабай Утарғалиев ағамыз ұзақ жылдар теміржол саласында қызмет жасап, зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі веложарыстарға белсенді қатысуда. Одан бөлек ең ересек қатысушы 83 жастағы Зауза Молдабаева әжеміз де медицина саласында 40 жылға жуық еңбек етіп, қазір ерікті ретінде қоғамдық шараларға қатысады. Жалпы ербір қатысушымыздың еңбек жолы, өмірге құштарлығы, белсенді өмір салты біздерге үлкен өнеге болды.

— Курста таңдау бағыты бойынша тыңдаушылар қай салаға оқуды қалайды? Көпшілігі.

— Аға буын өкілдерінің басым бөлігі цифрлық сауаттылық, шет тілі курстарына ерекше сұраныс білдірді. Цифрлық сауаттылық курсына электронды үкімет порталын қолдану, электронды анықтамаларды алу, смартфондағы пайдалы бағдарламаларда жұмыс жасау, тіпті видеоны монтаждау секілді сұраныстарына сәйкес қажетті дүниелерді меңгерді. Аталған курс қатысушылары жоба туралы жинақты арнайы бағдарламада өздері жасақтап, баспадан шығарды. Тігін курсына апаларымыз тігін машинасында бірнеше киім үлгілерін тігіп те үлгерді. Ал вокал курсына, жас кезінде музыкалық оқу орнына түсуді арман етіп, белгілі себептермен түсе алмаған аға-апаларымыз музыкалық сауаттылығын арттырды. Курстар тыңдаушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді. Ұйымдастырылған курстардың барлығы дерлік қатысушыларымыздың оң бағасын алды. Курстарды жүргізген оқытушыларымыз ересек қатысушылардың физиологиялық, эмоционалды жағдайларын толыққанды ескеріп отырды.

— Дегенмен тіл үйрету бағыты басым қызығушылыққа ие тәрізді. Жақында жоба барысында қазақ тілін үйрену курсын бастағанды отырсыздар ғой.

— Иә, аға буын өкілдері тіл үйренудің маңызды екенін өте жақсы түсінеді. Тыңдаушылар ағылшын тіліндегі Beginner және Elementary деңгейінде сөздік қорын молайтуға, оқу, жазу және тыңдау дағдыларын дамытуға мүмкіндік алды. Саяхат, денсаулық, мәдениет секілді мазмұндық тақырыптар қарастырылып, қажет болған жағдайда жеке жұмыстар да жүргізіліп, кері байланыс жасалды.

Тілдік курстардың жалғасы әрі қала тұрғындарының өтініші негізінде 40 жастан асқан тұлғаларға қазақ тілі курсын ұйымдастырғалы отырмыз. Курстар ақысыз негізде өтеді. Курстарды университетіміздің білікті тілші оқытушылары жүргізетін болады.

— Жоба кезеңі шектеусіз бе, әлде бірнеше жылдарға ғана жоспарланған ба?

— Жобаның ұзақтығына әзірге шектеу жоқ. Аталған жобалардың ғұмыры өміршең болу керек деген ойдамын. Жаңа оқу жылында әріптестерімізбен жаңа, мазмұнды курстар легін толықтырып, өзгермелі кезеңде аға буын өкілдерінің икемделуіне, қажетті дағдыларды игеруіне қолдау көрсетуге әзірміз.

Гүлнара Дауылбайқызы

Best student



В жизни есть много вещей, которые мы не можем получить просто так. Поэтому они становятся мечтами. Лишь ставя перед собой цели и преодолевая трудности на своем пути, мы способны воплотить наши мечты в реальность. А они могут быть разными. Моя мечта — это изучение мировых языков, что позволит мне найти новых друзей, общаться с ними и познавать их культуру.

Изучение иностранных языков — это очень распространенное занятие. Поскольку, изучая языки, мы не только улучшаем свою память и умственные способности, но и знакомимся с новыми культурами и стилями жизни. Знание множества иностранных языков помогает нам развиваться и расширять наш кругозор. Исследования ученых из Бернского университета показали, что изучение иностранного языка изменяет структуру мозга за счет увеличения объема серого вещества, которое отвечает за умственные способности. В наше время многие люди изучают такие языки, как английский, французский, корейский и т.д.

В университете имени К.Жубанова обучают большому количеству иностранных языков. Однако, я выбрала изучение китайского языка. Моё решение связано с любовью к Азии. Это утверждение затрагивает ряд ключевых вопросов. Например, а почему из всех языков Азии я решила выбрать именно китайский? Во-первых, искусство. Мне очень нравятся живопись и танцы. А в китайской культуре есть много видов и жанров живописи. Например, Традиционный пейзаж, Каллиграфия и т.д. Китайская живопись кардинально отличается от европейской живописи, к которой мы все так привыкли. Это не только процесс создания чего-то красивого, это погружение глубоко в свои мысли. Во-вторых, карьерный рост. Роль Китая в мировой экономике растёт с каждым годом. Китай — крупнейший торгово-экономический партнер Казахстана, и дружеские отношения между нашими странами будут только расти. Владение китайским языком даёт преимущество при трудоустройстве и в дальнейшем карьерном росте. Поэтому этот язык мы можем считать одним из перспективных мировых языков.

Китайский язык один из самых древних из всех существующих в наше время языков. Иероглифы китайской письменности имеют долгую историю, они лежат в основе корейского и японского языков. В китайском языке есть очень много диалектов, различающихся между собой,

Начало пути к мечте

Студентка 1 курса специальности «Переводческое дело» Zhubanov University Илонна Абдулина считает, что Институт Конфуция открывает двери к ее мечте.

В свой первый год обучения в университете она сразу записалась на курсы китайского языка. И за 9 месяцев первокурсница показала отличный результат, подтвердив знания участием в конкурсе «Китайский мост». Рассказ о начале пути к реализации мечты молодой девушки мотивирует окружающих изучать китайский язык и воплощать цели в реальность.

Институты Конфуция — это огромная сеть образовательных и культурно-просветительских проектов мирового масштаба. Первый центр был открыт в ноябре 2004 года в столице Южной Кореи — Сеуле. В конце 2020 г. общее количество Институтов Конфуция достигло 541, а так же Классов Конфуция 1170 в 162 странах.

В Казахстане Институты Конфуция созданы при Актюбинском региональном университете им.К.Жубанова (Актобе), КазНУ им.аль-Фараби (Алматы), ЕНУ им.Л.Н.Гумилева (Астана), и КарТУ (Караганда), КазУМОиМЯ (Алматы).

как фонетически, так и по лексическим и грамматическим нормам. Все эти факторы делают китайский язык одним из сложных языков в мире. На сегодняшний день на нем говорят более 1,3 миллиарда человек. Я думаю, что это число с каждым годом будет только расти.

В нашем университете действует языковой курс по изучению китайского языка, институт «Конфуция».

Процесс изучения китайского языка — это очень долгий процесс, требующий усидчивости и внимательности. Как и любой язык, изучение китайского языка мы начинаем с алфавита, который называется «Пиньинь». Пиньинь (拼音, pīnyīn) — система записи китайского языка при помощи букв латинского алфавита. С помощью этой системы мы можем прочитать любой иероглиф. После того, как мы изучили звуки в китайском языке, начинаем изучать тоны и написание иероглифов. Тоны в китайском языке — это самая сложная часть в изучении, особенно для иностранцев. Если использовать в слове неправильный тон, слово может поменять значение.

ставляет сам институт. Различные конкурсы, мероприятия — это все пробуждает еще больший интерес. В институте "Конфуция" недавно проходил конкурс на знание китайского языка и его культуры в Алматы. Участниками стали студенты Университета и школьники. В их числе была и я. Команда Актобе состояла из 4 человек: 2 студентов, 2 школьников. Я рассказала о себе на китайском языке, рисовала на бамбуке, читала стихотворение знаменитого китайского поэта Су Ши. Призовое место не заняла, но была отмечена жюри и получила два диплома - за хорошее выступление и за выразительное чтение.

Моя мечта и цель на будущее — это овладеть китайским языком на высшем уровне. Поэтому в будущем я планирую продолжить обучение в китайском ВУЗе. С выбором я еще не определилась, но мне бы очень хотелось обучаться в таких городах как Пекин, Шанхай и Сиань. Эти мегаполисы очень известны, и многие лучшие ВУЗы Китая расположены именно там.

Я верю, что знание китайского языка откроет мне двери в будущее и предоставит возмож-



Поэтому, я думаю, для того чтобы преодолеть эти трудности очень важно иметь хорошего наставника. Выучить китайский язык самостоятельно практически невозможно. Наставник не только указывает на ошибки и помогает нам их исправить, но и знакомит нас с Китаем, его культурой и дает нам мотивацию для его познания.

В институте «Конфуция» моим наставником является носитель языка Дзю Чжаоян. Несмотря на языковой барьер, она старается нам объяснить материал понятным языком. Еще большую мотивацию для изучения языка нам пред-

ность посетить эту страну. В связи с этим, мне не страшны трудности, которые меня ждут в процессе изучения языка и я готова их преодолеть ради своей мечты.

В заключении хочу добавить, что в наше время очень важно изучать мировые языки. Знание их позволит обогатить кругозор, вырасти как личность.

Илонна Абдулина
Студентка 1 курса специальности
«Переводческое дело»
Zhubanov University

Day of the city

Ақтөбе қаласы 1869 жылы құрылған. Қазіргі кезде шаһарда сол жылдары салынған ғимарат жоқтың қасы. Дегенмен XX ғасырдың басында салынған екі ғимарат сақталған. Ал кезіндегі бас жоспардың көшірме нұсқасы облыстық тарихи-өлкетану музейінде бар.

Ақтөбе әскери бекінісінің 1869, 1874 және 1891 жылдардағы бас жоспары қазір Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінде сақтаулы тұр. Бұл құжаттың көшірмесін музейдің ғылыми қызметкерлері зерттеу, іздеу барысында Мәскеу қаласындағы архивтен алған.

1869 жылғы бас жоспарда барлығы 19 жер атауы бар. Адам атымен аталған және бейіттер туралы жазылып, өзендер де белгіленген.

Ал 1874 жылғы жоспарда әскери бекіністің сызбасын көруге болады. Ақтөбе қаласы — әскери бекініс.

1860-1870 жылдары патша үкіметінің қазақ жерін отарлау саясаты басқа бір бағытта жүргізілген болатын. Әсіресе, орыс территориясымен шекаралас жатқан қазіргі Ақтөбе жерінде тұрақты бекініс салуды көздеді. 1830-1840 жылдары уақытша бекіністер болса, 1969-1870 жылдары тұрақты бекініс салуға көшті. 1869 жылы мамыр айының ортасында адъютант, полковник Юрий Борх бастаған арнайы жазалаушы отряд келіп, Елек пен Қарғалы өзендерінің құйылар тұсындағы үлкен төбенің басында 5 күннің ішінде саман кірпіштен жаңа, тұрақты бекіністің негізін қалады. Ол Ақтөбе бекінісі деп аталды. Бұл атауға қалай ие болды? Ғалым Сайым Балмұханов, халық ақыны Нұрпейіс Байғанин, жазушы Құрал Тоқмурзин Ақтөбе атауының шығуына байланысты көптеген аңыз әңгімелерді келтіріп, бізге жеткізді. Кейіннен тарих ғылымдарының кандидаты, тарихшы Беркін Құрманбековтің де зерттеуі шықты. Бірінде Қырым ханзадасына ұзатылғалы отырған ханның қызы кенеттен қайтыс болады. Хан қайғырып, үлкен екі биік төбенің басына бейіт салған. Бұл ақ кірпіштер ғасырлар өте еріп, төбені аққа бояған. Ал Нұрпейіс Байғаниннің нұсқасында бұл жерде ер Қарасай батырдың бейіті болған. Бұл да аңыз. Ал 1869 жылы бекіністі тұрғызған кезде осы төбе таңдалған. Көктемде Қарғалы мен Елек тасып, маңайын су шайған. Сөйтіп төбені таңдап тұр, — деді Ақтөбе облыстық тарихи-өлкетану музейінің бөлім меңгерушісі Айбек Ертеміров.

Оның айтуынша, бекініс атауы жергілікті халық аузындағы атаумен аталған. 1869 жылы 19 мамыр күні полковник Юрий Борх бастаған отряд бекіністің негізін қалап, тіпті зеңбіректен оқ атқан. Бұл туралы ақпарат Санкт-Петербургте шыққан «Биржевые новости» газетінде жарияланған.

1874-1878 жылдары Ақтөбеге Ресейдің бірнеше губерниясынан адамдар келіп, қоныстанды. Олар жергілікті тұрғындарға араласып, тұрақтап қалды. Ал 1891 жылы Ақтөбе әскери бекініс ретіндегі статусын жойып, уездік қалаға



АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНА 155 ЖЫЛ:

ШАҺАРДЫҢ БАС ЖОСПАРЫ ҚАНДАЙ БОЛДЫ



айналды. Торғай облысының құрамына кірді. Көшелер де сол кезде салынды. Алғашқы көшені Үлкен көше деп атаған. Бұл — қазіргі Шернияз көшесі. Алғашқы көшелер қазіргі Ақтөбенің ескі бөлігінде орналасқан. Ақтөбе қаласы әкімдігінің ғимараты да ең биік төбеде тұр. Ал XX ғасырдың басында өнеркәсіптік төңкерістер болып, Ақтөбе үлкен қалаға айнала бастады. Ау-

мағы кеңейіп, шағын аудандар салынды. 1901-1905 жылдары аралығында теміржол тартылып, Орынбор-Ташкент қатынасы орнады. Сөйтіп үлкен станса ретінде қазақ жері мен Орта Азияның қақпасына айналды. 1910-1920 жылдары арасында мәдени ошақтар, саяси-әлеуметтік нысандар бой көтерді. Кіші көшелер кеңейді. 1913 жылы Ақтөбенің ең алғашқы старостасы В. Моценскийдің басшылығымен «Актюбинский городской вестник» журналы шығып тұрды. Онда Ақтөбенің хронологиясы, тарихы басылып, бізге жетті, — деді Айбек Ертеміров.

Ақтөбе қаласындағы алғашқы мектеп 1884 жылы ашылды. Ол екі класты орыс-қазақ училищесі болды. Ғимарат әлі де бар. Ал 1895 жылы тағы бір мектеп ашылып, орыс-қазақ қыздар мектебі деп аталды. Онда облыстың рухани, мәдени, ағартушылық саласына үлес қосқан Арынғазы хан ұрпақтары білім алған. «Актюбинский городской вестник» журналының шығарушысы да осында оқыды.

Айта кетейік, Ақтөбе қаласы тұрғындарының саны қазір 600 мыңнан асады. Қазір 15 шағын аудан, 54 тұрғын алабы бар.

✓ Rector's publication

ТАЛАНТТЫЛАРҒА ТАРТЫМДЫ ТАРТУ

Еліміздің бас басылымы — Егемен Қазақстан газетінде жариялаған ректор мақаласында шетелдік жоғары оқу орнының кампусын ашудағы тәжірибе туралы айтылып, тақырып төңірегіндегі өзекті сұрақтарға жауап берілді. Жалпы, мақалада трансұлттық білімді импорттау жөнінде ой қозғалды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы Парламент Мәжілісінің пленарлық отырысында 2025 жылға дейін елімізде беделді шетелдік университеттердің кемінде 5 филиалын ашу қажеттігін, соның ішінде техникалық бағыттағы жоғары оқу орнының екі филиалын еліміздің батыс өңірінде ашу туралы тапсырма берген еді. Осыған орай Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің базасында ұлыбританиялық Heriot-Watt университетінің филиалын ашу жөнінде бастама көтеріліп, тиісті келісімдер жасалды.

Бүгінде ұлыбританиялық Heriot-Watt университетінің филиалына оқуға қабылданған 300 студент алғашқы оқу жылын аяқтайды. Олардың 35 пайызы — ауыл мектептерінің түлектері, 45 пайыздан көбі — мемлекет тарапынан қолдауды қажет ететін әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан талантты жастар. Студенттер еліміздің әр түркінен келіп, «Электр энергетикасы», «Мұнай инженериясы және энергоменеджмент», «Компьютерлік инженерия» мамандықтарында оқып жатыр. Студенттердің арасында жергілікті жастармен қатар Ақмола, Жетісу, Қызылорда, Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Атырау облыстары мен бас қалаларымыз Астана мен Алматыдан келгендер де бар. Осылайша, бір жыл бұрын жүзеге асыру мүмкіндігінің қолайлы келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың идеясы талантты жастарға тартымды тарту есебінде жүзеге асырылып жатыр.

Heriot-Watt университеті — Ұлыбританияның ең көне әрі беделді жоғары оқу орындарының бірі. Бұл университеттің түлектері жұмысқа орналасу көрсеткіші бойынша 1-орында. Ал «Мұнай инженериясы» мамандығы ел ішінде үздік үштікке кірсе, әлемдік деңгейде 12-орында тұр. Сондай-ақ инноваторларды дайындау көрсеткіші бойынша 6-орында тұрғаны белгілі. Жалпы, QS халықаралық рейтингінде әлемдегі 20 мыңнан аса университеттің ішінде 235-орынға тұрақтаған. Шетелдік серіктестікті бағамдауда жоғарыда айтылған көрсеткіштерді негізге алдық.

Филиал студенттерімен қаңтар айының басында арнайы кездесіп, жоғары оқу орнының басшысы ретінде қал-жағдайларымен таныстым. Оларға еліміздің үлкен сенім артып отырғанын, халықаралық Heriot-Watt университетінің алғашқы студенттері болып өңір тарихында айрықша қалатынын айттым. Іздеушілерге қойылатын талап тек жақсы оқу, еңбектену, іздену екенін жеткіздім. Шынында зеректерді іріктеуде жаңылмаған сияқтымыз. Мені студенттердің ілім көкжиегін кеңейтуге ұмтылысы, мазалаған ойларын мәдениетті жеткізе алу қабілеттері қуантты.

Филиалдағы барлық оқу үдерісі ағылшын тілінде жүргізіледі. Бірінші оқу жылы немесе Foundation студенттерді британ стандарттарына сай оқуға бейімдеуге бағытталған. Бір семестр бойы студенттер академиялық ағылшын тілін тереңдетіп оқиды. Топтар шағын, 20 адамға дейін. Сондықтан бұл сабақтар практикалық жағынан жеке сабақтар деңгейінде деуге болады. Қаңтар айында негізгі пәндерді (математика, физика, информатика және химия) оқыту басталды, барлығы ағылшын тілінде оқытылады. Heriot-Watt университеті өзін глобалды (әлемдік) университет ретінде көретіндіктен, филиалдарының бәрінде білім беру бағдарламалары синхрондалған. Дубайда, Малайзияда, Эдинбургте оқу үдерісі толығымен бірдей, студенттерге берілетін тапсырмалар да. Heriot-Watt Ақтөбе филиалында оқу жылы басқа филиалдармен бір уақытта, шілде айында аяқталады. Дүние жүзінің көптеген елінде жоғары білімді импорттау жүзеге асырылған. Жалпы, Батыс елдеріндегі университеттердің филиалын ашу — әлемдік үрдіс. Бұл дамушы елдердің жоғары білім жүйесін қолдану арқылы экономикалық даму мен адами әлеуетті нығайту құралы саналады. Әлемдік тәжірибеге сүйенсек, шетелдік университет кампустарын ашу арқылы трансұлттық білімді импорттап отырған елдер арасында Дубай, Малайзия, Оңтүстік Корея, Қытай және Сингапурды атап өтуге болады. Бұл мемлекеттер филиалдар ашу арқылы халықаралық стандартқа сай білім беріп, жергілікті кадрлар әлеуетін арттырып қана қоймай, үздік тәжірибе негізінде өздерінің жоғары білім беру жүйесін күшейтіп, оны экспорттауға кірісті.

Ұлыбританияның жетекші оқу орнымен серіктестік құруда оқу үдерісіне, филиалдағы білім бағдарламаларына, талапкерлерді оқуға қабылдауға байланысты түрлі сауалдар туындайды. Сарапшылар халықаралық ынтымақтастық бойынша халықаралық серіктестіктің шаблондық, яғни барлығына ортақ және нақты белгіленіп қойған анықтамаға ғана сай бір модель болуы мүмкін еместігін айтады. Серіктестік моделі қабылдаушы университеттің нақты қажеттіліктерінен туындайды. Біз серіктестік таңдауда, ең алдымен, «Екі университеттің құндылықтары мен бағдарлары сәйкес келе ме және өңірдің кадрлық сұранысы қандай?» деген сұраққа жауап бердік. Содан соң қосдипломдық, валидация үлгілерін үйлестірген кампус ретінде жұмыс істеуге шешім қабылдадық. Серіктесіміз Heriot-Watt университетінің Шотландияда 3 кампусы, Дубайда, Малайзияда және Ақтөбеде, барлығы 6 филиалы бар. Олар бізге дейін шетелде алдыңғы екі филиал ашуда тәжірибе жинақтап келді.

Филиалдың профессор-оқытушылар құрамына келсек, келісімге сәйкес Heriot-Watt уни-



верситетінің профессорларымен қатар, шетелде білім алып, тәжірибе жинақтаған, арнайы сертификациядан өткен отандық білікті мамандар да сабақ береді. Сонымен қатар университет профессорлары «Болашақ» бағдарламасымен «500 ғалым» жобасы арқылы Heriot-Watt университетінің Эдинбургтегі кампусында арнайы тағылымдамадан өтіп, биыл күзде филиалдың профессор-оқытушылар құрамына қосылады. Осылайша, ұзақмерзімді жоспарымызға сәйкес, жергілікті әлеуетті күшейтіп, кадрлық саясатты тұрақтылық пен тепе-теңдікті сақтай отырып жүзеге асырып келеміз. Ағылшын профессорлары аз деп сын тағатындарға серіктестіктің басты мақсаттарының бірін айтып өту керек. Мұндағы мақсат — серіктестік аяқталған кезде университет меншігінде салынған инфрақұрылым, халықаралық тәжірибе мен біліктілігі жоғары отандық мамандар қалуы керек. Бұл қазірден бастап қолға алынып жатыр.

Филиал жұмысы қалай басқарылатыны туралы айтар болсам, қос университет ректорларының қатысуымен 3 ай сайын стратегиялық мәжіліс өткізіледі. Оқу сапасы, бағалау стандарттары және оқу үдерісі Heriot-Watt университетінің арнайы академиялық менеджерлерінің бақылауында. Оқу жылы басталғалы Heriot-Watt университетінің Малайзиядағы кампусынан Электротехника және электроника кафедрасының меңгерушісі, профессор Джеймс Панг, профессор Ян Юэнки, профессор Ли Вен Нам студенттерге физика және химия пәндерінен, Эдинбург кампусынан Информати-

ка кафедрасының меңгерушісі, доцент Джури-ан Хейдж, Геоэнергетикалық инженерия институтының аға ғылыми қызметкері Асгар Шамс, бағдарламалық инженерия мен есептеу кафедрасының профессоры Кристиан Дондруп студенттерге дәріс оқып, университетіміздің профессор-оқытушылар құрамымен кездесіп, тәжірибелерін бөлісті.

Біз үздік студенттерді Эдинбург, Дубай мен Малайзияға «Go global» бағдарламасы бойынша бір академиялық семестрге оқуға жібереміз. Синхронды оқытудың нәтижесінде олар ағынға бірден қосылады. 4-курсты аяқтаған соң түлектер екі диплом — біздің ҚЖҰбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің және Heriot-Watt университетінің дипломдарын иеленеді. Ақтөбеде берілетін Heriot-Watt университетінің дипломы барлық филиалдармен бірдей үлгіде болады. Филиал студенттерін әрі қарай ынталандыру тетіктерін де оңтайлы қарастырып отырмыз. Бакалавриаттан соң ғылым жолына түсушілерге магистратура және біріккен PhD бағдарламаларын құрып жатырмыз. Университетті бітіргеннен кейін еңбекке араласуды жоспарлап отырғандарға да ұсыныстарымыз көп. Өңіріміздегі ірі өндіріс және өнеркәсіп орындарының бәрімен ынтымақтастық меморандумын жасағанбыз.

Экономиканың негізгі өлшемдерінің бірі адами капиталға жауапты білім беру жүйесі екені белгілі. Сондықтан елімізде әлемдік мықты университеттердің филиалдарын ашу бастамасы жалғасуға тиіс. Өйткені олар филиал болса да, білім сапасының өз еліндегідей болуын қатаң қадағалайды, стандарттарын сақтайды, мұны біз көріп отырмыз. Негізінен мұндай үдеріс жоғары білім саласындағы интернационализацияны жеделдетіп, елдегі жоғары білімнің экспорттық потенциалын арттырады. Әлемдік деңгейдегі шетелдік серіктес университет арқылы біздің университеттің ғана емес, білім жүйесінің танымалдылығы нығайып, беделі артады. Қазірдің өзінде еліміздің барлық өңірінен Heriot-Watt университетінің филиалына оқуға түсуге ниетті талапкерлердің көбейгендігін байқап отырмыз. Жаңа оқу жылына шетелдіктерді қабылдау жоспарымызда бар. Шетелдік университетпен бұл деңгейдегі терең ынтымақтастық арқылы қазақстандық білім беру бренді қалыптасады. Сондай-ақ өңір сұранысына сәйкес сапалы техникалық кадрлар тапшылығы шешілімек. Бұл серіктестіктің қаншалықты терең әрі стратегиялық тұрғыдан маңызды екенін байқауға болады. Оның құрылымдық формасы бранч кампус, филиал, немесе басқа заң мәртебесінде болуы да басты мәселе емес. Ең маңыздысы — оқу үдерісінің қарқынды жүріп, өз мамандарымызды одан әрі жетілдіруге, сырттан білікті мамандарды тартуға, академиялық сапаны нығайтуға ықпал ететіндігіне.

Бытыр желтоқсанда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақтөбе облысына ресми сапары кезінде университетімізге арнайы келіп, Heriot-Watt филиалының қызметімен, оқу барысымен танысты. Ғалымдарымызбен, филиал студенттерімен жүздесіп, жылы лебізін жеткізді. Бұл кездесу ұжымға үлкен жігер берді. Президент тапсырмасына сәйкес жүзеге асқан жобамыздың нәтижесі уақыт өте көрінетініне сенемін. Білім жүйесінің сапасын арттырып, әлемдік деңгейге көтеруде мемлекет тарапынан қолға алынған батыл бастамамыздың мән-маңызы зор.

2027 жылы өз Отанында шетелдік техникалық жоғары білім алған талантты жастардың тұңғыш легін дайындап шығарамыз. Біз үшін бұл — үлкен жауапкершілік артатын маңызды миссия.

Лаура ҚАРАБАСОВА,
ҚЖҰбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
университетінің ректоры, PhD
Egemen Qazaqstan
23 мамыр, 2024 жыл

✓ Main news

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ — 79 ЖЫЛ

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына 79 жыл болды. Бұл Жеңіс аға буын аталарымыз бен әжелеріміздің теңдессіз күш жігері мен орасан зор құрбандықтарының арқасында келді. Соғысқа Қазақстаннан 1 200 000 нан астам адам қатысқан. 500-ге жуық адам Кеңес Одағының батыры, 4 қазақстандық 2 мәрте батыр атанған. Соғыста ерлік көрсеткен қазақ батырлары мәңгілік ел есінде. Ө.Молдағұлова, М. Маметова, Х. Доспанова, Р.Қошқарбаев, Б. Момышұлы, Т. Бигельдинов т.б. есімдері ескелең ұрпаққа өнеге.



Бүгінде Қазақстанда 174 Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері тұрады. Бір жыл бұрын 222 майдангер Жеңіс күнін тойлаған еді. Бұл туралы ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады деп жазды Kazinform.

Астана — 7 адам;
Алматы қаласы — 44 адам;
Шымкент — 2 адам;
Ақмола облысы — 6 адам;
Алматы облысы — 14 адам;
Абай ауданы — 4 адам;
Ақтөбе облысы — 1 адам;
Шығыс Қазақстан облысы — 14 адам;
Жамбыл облысы — 10 адам;
Жетісу облысы — 4 адам;
Батыс Қазақстан облысы — 13 адам;
Қарағанды облысы — 11 адам;
Қостанай облысы — 16 адам;
Қызылорда облысы — 4 адам;
Маңғыстау облысы — 2 адам;
Павлодар облысы — 7 адам;
Солтүстік Қазақстан облысы — 4 адам;
Түркістан облысы — 11 адам.

Атырау және Ұлытау облыстары әкімдігінің мәліметінше, бұл аймақтарда ардагер қалмаған.

Zhubanov University басшылығы Жеңіс күні қазақ халқының батыр қызы Әлия Молдағұлованың ескерткішіне гүл шоғын қою рәсіміне қатысты.

ВЕЛИКОЙ ПОБЕДЕ — 79 ЛЕТ

Прошло 79 лет со дня окончания Второй мировой войны. Эта победа пришла благодаря беспрецедентным усилиям и огромным жертвам наших дедушек и бабушек, старшего поколения. В войне приняли участие более 1 200 000 человек из Казахстана. Около 500 - стали кавалерами ордена «Герой Советского Союза», 4 казахстанца - 2-кратными обладателями этой награды. Казахские солдаты, проявившие героизм на войне, в памяти навека. Имена А. Молдагуловой, М. Маметовой, Х. Доспановой, Р. Кошкарбаева, Б. Момышұлы, Т. Бигельдинова и др. являются примером для подрастающего поколения.

Сегодня в Казахстане проживают 174 ветерана Второй мировой войны. А год назад День Победы праздновали 222 фронтовики. Об этом сообщает пресс-служба Министерства труда и социальной защиты населения РК, пишет Kazinform.

Астана — 7 ветеранов;
Алматы — 44 ветерана;
Шымкент — 2 ветерана;

Акмолинская область — 6 ветеранов;
Алматинская область — 14 ветеранов;
Абайский район — 4 ветерана;
Актюбинская область — 1 ветерана;
Восточно-Казахстанская область — 14 ветеранов;
Жамбылская область — 10 ветеранов;
Жетысуская область — 4 ветерана;
Западно-Казахстанская область — 13 ветеранов;
Карагандинская область — 11 ветеранов;
Костанайская область — 16 ветеранов;
Кызылординская область — 4 ветерана;
Мангистауская область — 2 ветерана;
Павлодарская область — 7 ветеранов;
Северо-Казахстанская область — 4 ветерана;
Туркестанская область — 11 ветеранов.
По информации акимата Атырауской и Улытау-

ской областей, в этих регионах ветеранов не осталось.

Руководство Zhubanov University в День Победы приняло участие в церемонии возложения цветов к памятнику героя казахского народа Алии Молдагуловой.

THE GREAT VICTORY IS 79 YEARS OLD

79 years have passed since the end of the Second World War. This victory came thanks to the unprecedented efforts and enormous sacrifices of our grandfathers and grandmothers, the older generation. More than 1,200,000 people from Kazakhstan took part in the war. About 500 became holders of the Order "Hero of the Soviet Union", 4 Kazakhstanis became 2-time holders of this award. Kazakh soldiers who showed heroism in the war will be remembered forever. The names of A. Moldagulova, M. Mametova, H. Dospanova, R. Koshkarbayev, B. Momysuly, T. Bigeldinov, etc. they are an example for the younger generation.

Today, 174 World War II veterans live in Kazakhstan. And a year ago, 222 front-line soldiers celebrated Victory Day. This is reported by the press service of the Ministry of Labor and Social Protection of the Population of the Republic of Kazakhstan, Kazinform writes.

Астана — 7 veterans;
Almaty — 44 veterans;
Shymkent — 2 veterans;
Akmola region — 6 veterans;
Almaty region — 14 veterans;
Abai district — 4 veterans;
Aktobe region — 1 veteran;
East Kazakhstan region — 14 veterans;
Zhambyl region — 10 veterans;
Zhetysay region — 4 veterans;
West Kazakhstan region — 13 veterans;
Karaganda region — 11 veterans;
Kostanay region — 16 veterans;
Kyzylorda region — 4 veterans;
Mangystau region — 2 veterans;
Pavlodar region — 7 veterans;
North Kazakhstan region — 4 veterans;
Turkistan region — 11 veterans.

According to the akimat of Atyrau and Ulytau regions, there are no veterans left in these regions.

The leadership of Zhubanov University took part in the ceremony of laying flowers at the monument to the hero of the Kazakh people Aliya Moldagulova on Victory Day.

Басты жаңалықтарды әзірлеген
Айерке Сұлтанбекова

☑ **May 7 — Defender of the Fatherland Day**



Отан қорғаушылар мерекесі



Zhubanov University университетінде 7 мамыр — Отан қорғаушылар күні салтанатты аталып өтті. Мерекелік іс-шараға Т.Бигельдинов атындағы Әуе қорғаныс күштері Әскери институтының өкілдері, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің қызметкерлері қонақ болды.

Университет ректоры Лаура Қарабасова бұл мерекенің ауқымы мен мазмұны тереңде екенін атап өтті.

— Бұл күн әскер сапында біздің тұрақтылық пен тыныштығымызды, Отанымызды қорғап жүрген әскердегі азаматтарымыздың мерекесі. Сонымен қатар күнделікті ұлттық қауіпсіздігіміздің негізі білім мен тәрбие беру саласында үлкен жауапкершілік жүгін арқалап, қызмет етіп жүрген ер азаматтарымыз бар.

Мықтылықтың, жауапкершіліктің, қорғаудың функциясын қамтамасыз етуде сіздердің үлестеріңіз ерекше, — деді университет басшысы өз құттықтауында.

Салтанатты кеште университеттің бірқатар ер азаматтары Ректордың Алғыс хатымен, «Аманат» партиясы Ақтөбе облыстық және қалалық филиалының Алғыс хаттарымен марапатталды.

Zhubanov University Баспасөз қызметі



Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде қайта тіркеліп, №КЗ26VPY00026721 куәлігі 09.09.2020 ж. берілген.

Газет айына бір рет шығады

Газет бетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек.

Zhubanov University облыстық ақпараттық-танымдық газеті

Меншік иесі:
ҚР БЖҒМ «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы

Басқарма төрайымы-ректор Лаура Қарабасова

Бас редактор
Гүлнара Қараша

Аудармашы
Айерке Сұлтанбекова

Дизайнер:
Нұрша Биданова

Фотограф:
Есет Саргузин

Редакцияның мекенжайы:
030000, Ақтөбе қаласы,
Гришин көшесі, 7 «А»
337 бөлме

E-mail:
gazetaZhU@mail.ru
Сайт: <http://zhubanov.edu.kz>

Facebook: ZhU oblystyq gazetі

Таралымы: 5000 дана